| ii   | Приложение-инструкция 2. Требования к Чертежам и Данным Поставщика (при наличии)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | 2-қосымша-нұсқаулық. Жеткізушінің Сызбаларына және Деректеріне қойылатын талаптар (болған жағдайда)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | Exhibit 2. Vendor Drawings and Data Requirements (if applicable)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
| iii  | Приложение-инструкция 3. Технические спецификации (при наличии)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | 3-қосымша-нұсқаулық. Техникалық ерекшеліктер (болған жағдайда)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | Exhibit 3. Technical Specifications (if applicable)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| iv   | Приложение-инструкция 4. Инженерно-технические условия (при наличии)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | 4-қосымша-нұсқаулық. Инженерлік-техникалық талаптар (болған жағдайда)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | Exhibit 4. Engineering Specification (if applicable)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
| v    | Приложение-инструкция 5. Списки технических данных (при наличии)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | 5-қосымша-нұсқаулық. Техникалық деректердің тізімі (болған жағдайда)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | Exhibit 5. Data Sheets (if applicable)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| vi   | Приложение-инструкция 6. Запасные части для пусконаладки (при наличии)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | 6-қосымша-нұсқаулық. Іске қосу-баптауға арналған қосалқы бөлшектер (болған жағдайда)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | Exhibit 6. Commissioning Spare Parts (if applicable)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
| vii  | Приложение-инструкция 7. Инструкции по упаковке, маркировке и отгрузке (Инструкции PM&S)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | 7-қосымша-нұсқаулық. Қаптау, таңбалау және тиеу жөніндегі нұсқаулық (PM&S нұсқаулық)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | Exhibit 7. Packing, Marking and Shipping Instructions (PM&S Instructions)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| viii | Приложение-инструкция 8. Форма Упаковочного листа                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | 8-қосымша-нұсқаулық. Қаптау парағының үлгісі                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | Exhibit 8. Form of Packing List                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| ix   | Приложение- инструкция 9. Форма – Список крупных узлов оборудования (при наличии)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | 9-қосымша-нұсқаулық. Үлгі – Жабдықтың ірі тораптарының тізімі (болған жағдайда);                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | Exhibit 9. Form – List of major components (if available)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| g)   | Спецификации, чертежи и другие документы, указанные в Договоре Поставки (при наличии)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | Жеткізу шартында көрсетілген ерекшеліктер, сызбалар және басқа да құжаттар (болған жағдайда)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | Specifications, drawings and other documents referenced in the Purchase Order (if applicable)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| h)   | Детали поставки в Коммерческом предложении.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | Коммерциялық ұсыныстағы жеткізу деректері.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Supply details in the Commercial Proposal.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |

## 5 СУММА ДОГОВОРА ПОСТАВКИ / ЖЕТКІЗУ ШАРТЫНЫҢ СОМАСЫ / PURCHASE ORDER PRICE

|     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 5.1 | Если иное не указано в Деталях Заказа, все ставки, цены, наценки и другие условия, которые формируют Сумму Договора Поставки, являются фиксированными и не подлежат корректировке в связи с увеличением или уменьшением стоимости рабочей силы, товаров, отгрузки, транспортировки, упаковки, обработки и другими изменениями или в связи с колебаниями валютных курсов. Если иное не указано в Деталях Заказа, то Сумма указывается без НДС и включает в себя следующее: | Егер Тапсырыс деректерінде басқасы көрсетілмесе, Бағаны қалыптастыратын барлық мөлшерлемелер, бағалар, үстеме бағалар және басқа да талаптар бекітілген болып табылады және жұмыс күші, тауарлар, тиіп-жөнелту, тасымалдау, буып-түю, өңдеу құнының ұлғаюына немесе азаюына байланысты немесе валюта бағамдарының ауытқуларына байланысты түзетілмейді. Егер Тапсырыстың егжей-тегжейлерінде басқасы көрсетілмеген болса, онда құн ҚҚС-сыз көрсетіліп, төмендегілерді қамтиды: | Unless stated otherwise in the Order Details or the Special Terms and Conditions, all of the rates, prices, mark-ups and other terms that comprise the Purchase Order Price shall be fixed and shall not be subject to adjustment due to a rise or fall in the cost of labour, goods, shipping, transporting, packing, handling or any other changes or due to fluctuations in currency exchange rates. The Price is exclusive of VAT, unless stated otherwise in the Order Details, and shall be inclusive of: |
| a)  | Все расходы, понесенные Поставщиком в отношении Поставки Товаров согласно Условиям Поставки, включая, без ограничений, все роялти и лицензионные сборы, стоимость транспортировки Товаров Покупателю, обеспечение техники безопасности, охраны труда, здоровья и защиты окружающей среды согласно Условиям Поставки;                                                                                                                                                      | Жеткізу талаптарына сәйкес Тауарларды Жеткізуге қатысты Жеткізуші жұмсаған барлық роялти мен лицензиялық алымдарды, салықтарды, Сатып алушыға Тауарларды тасымалдау құнын, Жеткізу талаптарына сәйкес қауіпсіздік техникасын, еңбекті, денсаулықты және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуді қоса алғанда барлық шығыстар;                                                                                                                                                | All expenses incurred by the Supplier in relation to the Supply of the Goods as per the Delivery Terms, including, but not limited to, all royalties and license fees and cost of transportation of the Goods to the Buyer, protection of safety, health and the environment as per the Delivery Terms;                                                                                                                                                                                                         |
| b)  | Налоги и прочие сборы, применимые к Поставке, если иное не указано в Договоре Поставки. Распределение ответственности за пошлины и страховые сборы действует в соответствии с Условиями Поставки;                                                                                                                                                                                                                                                                         | Жеткізу шартында басқасы көрсетілмесе, Жеткізуге қатысты қолданылатын салықтар мен өзге де алымдар; Баждар мен сақтандыру алымдары үшін жауапкершілікті үлестіру Жеткізу талаптарына сәйкес әрекет етеді;                                                                                                                                                                                                                                                                      | Taxes or other charges applicable to the Supply, unless stated otherwise in the Purchase Order. The allocation of responsibility for duties and insurance charges shall be in accordance with the Delivery Terms;                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| c)  | Запасные части для пусконаладки, включенные в Приложение-инструкцию 6;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | 6-Қосымша-нұсқаулыққа енгізілген іске қосу-баптауға арналған қосалқы бөлшектер;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | Commissioning Spares described in Exhibit 6;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| d)  | Таможенные пошлины, акцизы и другие подобные сборы (любое снижение или возмещение таможенных пошлин или акцизов действует в пользу Покупателя) в соответствии с Условиями Поставки;                                                                                                                                                                                                                                                                                       | Жеткізу талаптарына сәйкес кедендік баждар, акциздер және басқа да осындай алымдар (кедендік баждарды немесе акциздерді кез келген төмендету немесе өтеу Сатып алушының пайдасына қолданылады);                                                                                                                                                                                                                                                                                | Customs duty, excise and other like charges (any reduction or refunds of customs duty or excise will be to the benefit of the Buyer) in accordance with the Delivery Terms;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
| e)  | Расходы на проведение всех встреч, подготовку чертежей, документации, руководств по установке, проведение заводского осмотра, заводских испытаний, подготовку отчетов по испытаниям методом неразрушающего контроля, актов испытаний и справочников кодов, указанных в Договоре Поставки;                                                                                                                                                                                 | Барлық кездесулерді өткізуге, сызбаларды, құжаттаманы, орнату жөніндегі нұсқаулықтарды дайындауға, зауыттық қарап тексеруді, зауыттық сынақтарды жүргізуге, бұзбай бақылау әдісімен жасалған сынақтар бойынша есептерді, Жеткізу шартында көрсетілген сынақ актілері мен код анықтамалықтарын дайындауға байланысты шығыстар;                                                                                                                                                  | The cost of all meetings, drawings, documentation, installation manuals, shop inspection, shop testing, non-destructive examination (NDE) reports, test certificates and code data books as specified in this Purchase Order;                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| f)  | Ни при каких обстоятельствах Поставщик не имеет права на дополнительную оплату в результате предпринятых им действий, которые не соответствуют Условиям Договора Поставки.                                                                                                                                                                                                                                                                                                | Жеткізушінің ешбір жағдайда өзі қабылдаған, Жеткізу шартының талаптарына сәйкес келмейтін іс-әрекеттер салдарынан қосымша ақы алуға құқығы жоқ.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | Under no circumstances is the Supplier entitled to additional payment as a result of actions taken that do not comply with the terms of the Purchase Order.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |

## 6 СРОКИ, ГРАФИК, ОТВЕТСТВЕННОСТЬ / МЕРЗІМДЕР, КЕСТЕ, ЖАУАПКЕРШІЛІК / DEADLINES, TIMETABLE, RESPONSIBILITY

|     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|-----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 6.1 | Поставщик должен выполнить поставку Товаров в Пункт Поставки в день Соглашенной даты Доставки, указанной в Деталях Заказа или в Заказе на отгрузку. Поставка Товара по настоящему Договору поставки должна быть осуществлена Поставщиком в соответствии с условиями, указанными в Деталях Заказа или Заказе на отгрузку. | Жеткізуші Тауарларды Жеткізу орнына Тапсырыс деректерінде немесе Жөнелту тапсырысында көрсетілген Келісілген жеткізу күні жеткізуді орындауы тиіс. Жеткізуші осы Жеткізу шарты бойынша Тауарды Тапсырыс деректерінде немесе Жөнелту тапсырысында көрсетілген талаптарға сәйкес жеткізуі тиіс.             | The Supplier must complete delivery of the Goods to the Delivery Point within the Agreed Date(s) for Delivery specified in the Order Details or Shipment Order. The Supplier must complete delivery of the Goods under this Purchase Order in accordance with the terms and conditions specified in the Order Details or Shipment Order.                            |
| 6.2 | В тех случаях, когда Поставщик желает поставить Товары до Соглашенной даты Доставки, он должен получить от Покупателя письменное согласование даты ранней доставки. Покупатель не обязан принимать Товары, доставленные раньше Соглашенной даты Доставки. Если Покупатель не принимает досрочную                         | Жеткізуші тауарларды Келісілген жеткізу күніне дейін жеткізгісі келген жағдайда, ол Сатып алушыдан ерте жеткізу күніне жазбаша келісім алуы керек. Сатып алушы Келісілген жеткізу күнінен бұрын жеткізілген Тауарларды қабылдауға міндетті емес. Егер Сатып алушы мерзімінен бұрын жеткізілген Тауарларды | When the Supplier desires to deliver the Goods before the Agreed Date(s) for Delivery, it shall seek the written approval from the Buyer for the early date of delivery. The Buyer is not obliged to take delivery of the Goods before the Agreed Date(s) for Delivery. If the Buyer does not take early delivery of the Goods, the Supplier must, at its cost hold |

|     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|     | доставку Товаров, то Поставщик обязан за свой счет хранить Товары на складе (в должных условиях хранения) до Согласованной даты Доставки.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | қабылдмаса, онда Жеткізуші Тауарларды Келісілген жеткізу күніне дейін қоймада (тиісті дәрежедегі сақтау талаптарымен) өз қаражаты есебінен сақтауға міндетті.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | the Goods in store (in proper conditions) until the Agreed Date(s) for Delivery.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| 6.3 | Срок является существенной составляющей обязательств Поставщика. Поставщик направляет Покупателю незамедлительное Уведомление в любом случае не позднее 10 (десяти) календарных дней с момента наступления любого действия, события или условия, которые:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | Мерзім Жеткізушінің міндеттемелерінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Жеткізуші Сатып алушыға кез келген іс-әрекет, оқиға немесе талаптар басталған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей кез келген жағдайда дереу Хабарлама жібереді, ол:                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | Time is of the essence of the Supplier's obligations. The Supplier shall provide a prompt Notice to the Buyer, and in any event within 10 (ten) calendar days from the occurrence of any act, event or condition, that:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| a)  | по ожиданиям, приведет к задержке доставки; и/или                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | болжамдар бойынша жеткізу мерзімі кешіктірілетін; және/немесе                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | is anticipated to result in a delay in delivery; and/or                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| b)  | могут дать Поставщику основания для запроса на корректировку Согласованной даты Доставки. В течение 15 (пятнадцати) календарных дней с момента предоставления Уведомления Поставщиком, он должен обосновать свою претензию информацией, протоколами и документацией, в разумных пределах необходимыми и удовлетворительными для Покупателя и подлежащими проверке Покупателем. Если Поставщик не предоставит Уведомление или подтверждающие документы в течение такого срока, Покупатель имеет право отказать в рассмотрении запроса Поставщика на любые корректировки Согласованной даты Доставки или компенсацию. | Жеткізушіге Келісілген жеткізу күнін түзетуге сұрау салу үшін негіздеме бере алады. Жеткізуші Хабарлама берген сәттен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде ол өзінің наразылығын Сатып алушының тексеруіне және Сатып алушы үшін қолайлы болып табылатын қажетті және қанағаттанарлық шекте ақпаратпен, хаттамалармен және құжаттамамен негіздеуі тиіс. Егер Жеткізуші осындай мерзім ішінде Хабарламаны немесе растайтын құжаттарды ұсынбаса, Сатып алушы Жеткізушінің Келісілген жеткізу күніне кез келген түзетулерді немесе өтемақыны қараудан бас тартуға құқылы. | may give grounds to the Supplier to request an adjustment to the Agreed Date(s) for Delivery. Within 15 (fifteen) calendar days from such Notice by the Supplier, it shall substantiate its claim with information, records and documentation reasonably necessary and satisfactory to the Buyer and subject to the verification of the Buyer. If the Supplier fails to provide a Notice or supporting documents within such periods, the Buyer has the right to refuse to consider the Supplier's request for any adjustment to the Agreed Date(s) for Delivery or compensation. |
| 6.4 | Если Покупатель согласен на корректировку графика/Согласованной даты Доставки согласно Статье 20, то срок остается существенным условием в отношении продленных сроков.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | Егер Сатып алушы 20-бапқа сәйкес кестеге/Келісілген жеткізу күніне түзету енгізуге келісімін берсе, онда мерзім ұзартылған мерзімдерге қатысты айтарлықтай талап болып қалады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | If the Buyer agrees to an adjustment to schedule/Agreed Date(s) for Delivery in accordance with Article 20, time will remain of the essence in respect of the extended time.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| 6.5 | Поставщик обязан, после консультации с Покупателем и без ограничения прав или средств защиты Покупателя согласно Статьям 6, 13 и 27, принимать такие меры по исправлению ситуации, которые необходимы для ускорения доставки Товаров, с тем чтобы Товары были доставлены, насколько это возможно, в день Согласованной даты Доставки или максимально близко к ней и смягчать последствия любых задержек.                                                                                                                                                                                                            | Жеткізуші Сатып алушымен келісімге келгеннен кейін 6, 13 және 27-баптарға сәйкес Сатып алушының құқықтары мен қорғау құралдарын шектеместен, Тауарлардың Келісілген жеткізу күнінде немесе оған барынша жақын күндері жеткізілуін қамтамасыз ету үшін Тауарларды жеткізуді жеделдету үшін қажетті жағдайды түзету бойынша шараларды қабылдауға және кез келген кідірістердің салдарын жеңілдетуге міндетті.                                                                                                                                                                 | The Supplier must, after consultation with the Buyer, and without limiting the Buyer's rights or remedies under Articles 6, 13 and 27, take such remedial steps as necessary to expedite and accelerate the delivery of the Goods so that the Goods are delivered on or as close to the Agreed Date(s) for Delivery as is reasonably practicable and to mitigate the effects of any delays.                                                                                                                                                                                       |
| 6.6 | Если Поставщик не может совершить поставку в пределах сроков, предусмотренных в Договоре Поставки, или в пределах сроков, измененных согласно любому Изменению в Договор Поставки, то, кроме случаев, когда задержка вызвана собственными действиями или бездействием Покупателя, Покупатель может, по своему выбору, потребовать от Поставщика совершения действий, указанных в Статьях 6.5 и 6.10, и применить заранее оцененные убытки за задержку доставки в соответствии со Статьей 6.8 (в случае применимости).                                                                                               | Кешіктіру Сатып алушының өз іс-әрекеттерінен немесе әрекетсіздігінен туындаған жағдайларды қоспағанда, егер Жеткізуші Жеткізу шартында көзделген мерзімдер шегінде немесе Жеткізу шартына енгізілген кез келген өзгерістерге сәйкес өзгертілген мерзімдер шегінде жеткізуді жасай алмаса, Сатып алушы өз таңдауы бойынша Жеткізушіден 6.5 және 6.10-баптарда көрсетілген іс-әрекеттерді орындауын талап ете алады және 6.8-бапқа сәйкес (қолданылатын жағдайда) жеткізуді кешіктіргені үшін алдын ала бағаланған шығындарды қолдана алады.                                  | If the Supplier is unable to make delivery within the time stipulated in the Purchase Order and as amended by any Change Orders, the Buyer will, unless the delay results from the Buyer's own action or omission, at its own option, be entitled to demand from the Supplier actions described in Articles 6.5 and 6.10 and apply liquidated damages for late delivery in accordance with Article 6.8 (as applicable).                                                                                                                                                           |
